ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қаңтар №1112-23-00-2/3889 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Косынбаева Бахыт Смагуловна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылықжүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Косынбаева Бахыт Смагуловна жеке кәсіпкерінен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Косынбаева Бахыт Смагуловна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Косынбаева Бахыт Смагуловна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер

талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Г. И., 25.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 07.03.2024

1112-23-3-1/4486